

Б.Б. Мирзабаев¹ , Г.Б. Нарымбет² , Д.К. Оспанова^{3*} 

¹Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан;

²М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан;

³Қ. Құлажан атындағы Қазақ технология және бизнес университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: Myrzabaybek@gmail.com; n.gulnur_85@mail.ru; d_k_ospanova@mail.ru)

1930–1950 жылдардағы Жамбыл облысындағы депортацияланған халықтар: теориялық-әдіснамалық және өңірлік талдау

Кеңестік мәжбүрлі қоныс аудару саясаты Қазақстанның көптеген өңірлерінің әлеуметтік, демографиялық және этникалық құрылымына терең ықпал етті. Бұл үдерістің жергілікті деңгейдегі салдарын түсіну үшін тек орталық биліктің шешімдерін сипаттау жеткіліксіз; арнайы қоныс аударушылардың нақты өңірлік ортада қалай орналасқаны, еңбек жүйесіне қалай енгізілгені, тұрмыстық қиындықтарды қалай бастан өткергені және бұл тәжірибенің қоғамдық жағдайға қалай сақталғаны маңызды. Осы тұрғыдан авторлар Жамбыл облысын мәжбүрлі көші-қон саясатының жергілікті әлеуметтік мазмұнын ашуға мүмкіндік беретін маңызды өңірлік кеңістік ретінде қарастырады. Мақалада облысқа орналастырылған арнайы қоныс аударушылардың тағдыры әкімшілік бақылау, шаруашылыққа бейімдеу, еңбекке бөлу және күнделікті өмір жағдайлары арқылы талданады. Жамбыл облысына қатысты құжаттық деректер негізінде авторлар мәжбүрлі көші-қонның тек адамдарды бір аумақтан екінші аумаққа көшірумен шектелмегенін, оның жаңа ортадағы әлеуметтік қатынастарды, еңбек тәртібін және тұрмыстық бейімделу тетіктерін қайта қалыптастырғанын көрсетеді. Арнайы қоныс аударушылардың колхоздар мен совхоздарға, өндірістік және кооперативтік құрылымдарға тартылуы олардың жергілікті шаруашылық жүйесінің бір бөлігіне айналғанын дәлелдейді. Сонымен бірге авторлар депортация салдарының адам тағдыры мен отбасылық жағдай деңгейіндегі көрінісіне назар аударады. Тұрғын үй тапшылығы, азық-түлікпен қамту, санитарлық жағдай және материалдық қамтамасыз ету мәселелері арнайы қоныс аударушылардың бейімделу үдерісін күрделендіргені айқындалады. Бұл жағдайлар депортацияны тек саяси-құқықтық актілер арқылы емес, күнделікті өмір тәжірибесі мен ұрпақаралық естелік арқылы да қарастыру қажеттігін негіздейді. Жамбыл облысы материалдары кеңестік депортациялық саясаттың жергілікті қоғамға әсерін нақтылауға мүмкіндік береді. Авторлар өңірлік деректерді талдау арқылы депортацияланған халықтар тарихын саяси репрессия, еңбекке мәжбүрлеу, әлеуметтік бейімделу, этносаралық байланыс және тарихи жағдай тоғысында қарастырудың ғылыми маңызын көрсетеді. Мұндай ұстаным Жамбыл облысын арнайы қоныс аударушылар орналастырылған әкімшілік аумақ ретінде ғана емес, кеңестік саясаттың әлеуметтік салдары нақты көрінген өңірлік орта ретінде бағалауға негіз болады. Сондықтан мақалада қарастырылған мәселе депортация тарихын жергілікті тәжірибе, адам тағдыры және тарихи сабақтастық тұрғысынан тереңірек түсіндіруге бағытталады.

Кілт сөздер: депортацияланған халықтар, Жамбыл облысы, арнайы қоныс аударушылар, өңірлік тарих, әлеуметтік бейімделу, еңбекке тарту, күнделікті өмір, тарихи жағдай.

Kipicne

1930–1950 жылдардағы кеңестік депортациялар Қазақстан тарихының күрделі әрі көпқабатты мәселелерінің бірі. Бұл үдеріс жекелеген халықтардың тарихи мекенінен күштеп көшірілуімен ғана шектелмей, олардың құқықтық мәртебесінің өзгеруіне, әлеуметтік байланыстарының үзілуіне, еңбек және тұрмыс жағдайының қайта құрылуына, сондай-ақ жаңа кеңістікке бейімделуіне ықпал етті. Қазақстанға күштеп қоныс аударылған халықтардың тағдыры кеңестік мемлекеттік саясаттың жалпы сипатын ғана емес, оның нақты өңірлік ортада қалай жүзеге асқанын да көрсетеді.

Депортация мәселесін зерттеуде ұзақ уақыт бойы негізгі назар орталық биліктің шешімдеріне, саяси қуғын-сүргін механизмдеріне және депортацияланған халықтардың жалпы саны мен орналасу географиясына аударылып келді. Мұндай зерттеу бағыты кеңестік репрессиялық саясаттың ауқымын анықтауда маңызды болғанымен, арнайы қоныс аударушылардың жергілікті деңгейдегі өмірлік тәжірибесін, қабылдаушы ортамен байланысын және жаңа жағдайға бейімделу ерекшеліктерін толық ашып бере алмайды. Сондықтан қазіргі кезеңде депортация тарихын өңірлік қоғам, әлеуметтік өзгерістер, күнделікті өмір және тарихи жағдай мәселелерімен байланыстыра қарастырудың маңызы артып отыр.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: d_k_ospanova@mail.ru

Осы тұрғыдан алғанда Жамбыл облысының материалдары ерекше мәнге ие. Кеңестік кезеңдегі құжаттарда «Джамбульская область» атауымен кездесетін бұл өңір арнайы қоныс аударушылар орналасқан аймақтардың бірі болды. Алайда Жамбыл облысындағы депортацияланған халықтар мәселесі көбіне Қазақстанға қатысты жалпы зерттеулердің құрамында ғана қарастырылып, дербес өңірлік талдау нысаны ретінде жеткілікті деңгейде ашыла қойған жоқ. Бұл жағдай аталған тақырыпты арнайы ғылыми мәселе ретінде қарастырудың қажеттігін көрсетеді. Көп жағдайда депортация тарихы жалпы саяси репрессиялар аясында сипатталып, оның нақты аймақтық ортадағы әлеуметтік салдары мен бейімделу тәжірибесі екінші қатарда қалып қояды. Осыған байланысты Жамбыл облысы материалдары негізінде депортацияланған халықтарды зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау да өзекті ғылыми міндет.

Жамбыл облысындағы депортацияланған халықтар тарихын зерттеу кеңестік депортациялық саясаттың жергілікті деңгейдегі көрінісін анықтауға мүмкіндік береді. Өйткені мәжбүрлі қоныс аудару саясаты нақты аймақта тек әкімшілік шешімдер арқылы ғана емес, жергілікті шаруашылық құрылымдар, еңбек қатынастары, тұрмыстық жағдай, этносаралық байланыстар және күнделікті өмір тәжірибелері арқылы да жүзеге асты. Сондықтан бұл тақырыпты зерттеу депортацияны тек мемлекеттік саясаттың салдары ретінде емес, өңірлік қоғамның әлеуметтік құрылымына әсер еткен күрделі тарихи үдеріс ретінде пайымдауға жол ашады.

Мақаланың мақсаты — 1930–1950 жылдардағы Жамбыл облысындағы депортацияланған халықтар тарихын теориялық-әдіснамалық және өңірлік тұрғыдан талдау, арнайы қоныс аударушылардың орналасуы, еңбекке тартылуы, әлеуметтік бейімделуі және тарихи жадта сақталу ерекшеліктерін айқындау. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды: кеңестік депортациялық саясаттың құқықтық-әкімшілік негіздерін сипаттау; Жамбыл облысының арнайы қоныс аударушыларды орналастыру кеңістігі ретіндегі орнын анықтау; депортацияланған халықтардың облыс аумағындағы орналасуы мен еңбекке тартылуын талдау; әлеуметтік бейімделу мен күнделікті өмір қиындықтарын көрсету; депортация тәжірибесінің тарихи жадта сақталу ерекшеліктерін қарастыру.

Мақаланың ғылыми жаңалығы Жамбыл облысындағы депортацияланған халықтар мәселесін тек тарихи факт ретінде емес, теориялық-әдіснамалық және өңірлік зерттеу нысаны ретінде қарастыруымен айқындалады. Зерттеуде құқықтық-әкімшілік құжаттар, облыстық комиссия материалдары, еңбекке орналастыру мәліметтері және тарихи жад деректері өзара байланыста талданады.

Материалдар және әдістер

Мақаланың деректік негізін 1930–1950 жылдардағы кеңестік депортациялық саясатқа, Қазақстанға күштеп қоныс аударылған халықтардың орналасуына, құқықтық мәртебесіне, еңбекке тартылуына және әлеуметтік бейімделуіне қатысты құжаттық жинақтар, ғылыми еңбектер мен естелік сипатындағы материалдар құрайды.

Зерттеудің негізгі деректік базасының бірін «Из истории депортаций. Казахстан» атты құжаттар жинағының 1930–1935, 1935–1939 және 1939–1945 жылдарға арналған томдары құрайды. Бұл жинақтар Жамбыл облысына депортацияланған халықтарды қабылдау, орналастыру, есепке алу, еңбекке пайдалану, тұрмыстық жағдайын бақылау және әкімшілік қадағалау мәселелерін ашуға мүмкіндік береді. Аталған томдар Жамбыл облысының өңірлік тәжірибесін талдауда негізгі деректік база қорын құрайды. Осы жинақтардың ішінде «Из истории депортаций. Казахстан. 1939–1945 гг.» томы Жамбыл облысына қатысты мәліметтерді анықтауда ерекше маңызға ие. Атап айтқанда, жинақта Жамбыл облысындағы жекелеген колхоздар, аудандар, облыстық партия органдары және арнайы қоныс аударушылардың орналасуына қатысты деректер бар.

Материалдардың негізін «Депортация народов в Казахстан в 1930–1950 гг.: общность истории» жинағының материалдары да құрады. Бұл жинақтағы сұхбаттар мен естеліктер депортацияланған халықтардың жеке және отбасылық тәжірибесін, жаңа ортаға бейімделу жолдарын, жергілікті халықпен қарым-қатынасын және тарихи жадтағы депортация бейнесін талдауға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге мақаланың деректік негізін Жамбыл облысының мемлекеттік архивінің 282-қорының материалдары құрайды. Атап айтқанда, бұл қордағы 1944 ж. 12 қазандағы Жамбыл облысының территориясына қоныстанушыларды орналастыру мәселесі бойынша Қазақстан КП ОК хатшысы Н. Скворцовқа берілген баяндамалық жазбасында құнды деректер бар.

Тақырыпты зерттеу барысында негізгі әдіс ретінде тарихнамалық талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс депортацияланған халықтар мәселесінің ғылыми әдебиетте қалай қарастырылғанын, қандай зерттеу бағыттары қалыптасқанын және олардың Жамбыл облысы материалдарын түсіндірудегі мүмкіндіктерін анықтауға жағдай жасайды. Тарихнамалық талдау арқылы депортация мәселесі саяси репрессия, мәжбүрлі көші-қон, әлеуметтік бейімделу, өңірлік тәжірибе және тарихи жад тұрғысынан қарастырылды.

Салыстырмалы талдау әдісі арқылы әртүрлі теориялық-әдіснамалық ұстанымдардың депортация мәселесін түсіндірудегі айырмашылықтары айқындалды. Салыстыру барысында мемлекеттік-репрессиялық, өңірлік, әлеуметтік-бейімделу, микро тарихи және тарихи жад тәсілдерінің танымдық мүмкіндіктері мен шектеулері қарастырылды. Мұндай салыстыру Жамбыл облысындағы депортацияланған халықтардың тәжірибесін бір ғана әдіснамалық шеңберде емес, бірнеше ғылыми бағыттың өзара байланысы арқылы түсіндіруге жол ашады.

Сонымен қатар зерттеуде деректанулық талдау, проблемалық-хронологиялық әдіс, өңірлік талдау, микротарихи талдау және сандық мәліметтерді жүйелеу әдістері қолданылды. Деректанулық талдау ресми құжаттар мен облыстық комиссия материалдарының мазмұнын анықтауға мүмкіндік берсе, өңірлік және микротарихи талдау Жамбыл облысы, оның аудандары, колхоздары мен совхоздары деңгейіндегі нақты тәжірибені ашуға бағытталды. Ауызша тарих материалдары депортация тәжірибесінің отбасылық жадта сақталуын түсіндіру үшін пайдаланылды. Мақалада құжаттық деректердегі сандық мәліметтерді жүйелеу және кестелеу тәсілдері де қолданылды. Бұл Жамбыл облысындағы арнайы қоныс аударушылардың этникалық құрамы, орналасуы және еңбекке бөліну ерекшеліктерін нақты көрсетуге мүмкіндік берді.

Нәтижелері

1930–1950 жылдардағы кеңестік депортациялық саясат КСРО-дағы саяси репрессиялар жүйесінің маңызды бағыттарының бірі болды. Бұл саясаттың қалыптасуына бірнеше фактор әсер етті. Біріншіден, кеңестік билік жекелеген әлеуметтік және этникалық топтарды саяси тұрғыдан «сенімсіз» деп танып, оларды бұрынғы мекенінен алыстатуға ұмтылды. Екіншіден, шекаралық аймақтардағы халықтарды көшіру мемлекеттік қауіпсіздік мүддесімен негізделді. Үшіншіден, депортацияланған халықтар жаңа қоныстанған аймақтарда еңбек ресурсы ретінде пайдаланылды. Сондықтан депортацияны тек көші-қон үдерісі ретінде емес, мемлекеттік мәжбүрлеу мен әкімшілік бақылауға негізделген кеңестік саясаттың ерекше формасы ретінде қарастыру қажет [1]. 1930 жылдардағы күштеп көшірулердің алғашқы кезеңі ұжымдастыру, тәркілеу, бай-кулактарды тап ретінде жою және әлеуметтік тұрғыдан «қауіпті» деп танылған топтарды оқшаулау саясатымен байланысты болды. Бұл кезеңде депортация әлеуметтік белгі бойынша да, этникалық немесе шекаралық қауіпсіздік өлшемдері бойынша да жүзеге асырылды. Кеңестік мемлекет үшін мұндай топтарды бұрынғы әлеуметтік ортасынан ажырату оларды бақылауға алудың және ықтимал қарсылық мүмкіндігін әлсіретудің құралы ретінде қарастырылды. Осы тұрғыдан депортациялық саясат кеңестік қоғамды күшпен қайта құру тәжірибесімен тығыз байланыста қалыптасты [2].

Ал 1930 жылдардың екінші жартысынан бастап депортациялық саясатта этникалық және әскери-стратегиялық қауіпсіздік факторы күшейе түсті. Бұл әсіресе шекаралық аймақтарда орналасқан халықтарға қатысты анық байқалды. Мәселен, 1937 ж. 21 тамыздағы КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитетінің № 1428-326сс қаулысы Қиыр Шығыс өлкесінің шекаралық аудандарынан корей халқын көшіру туралы шешім қабылдады. Құжаттың атауы — «О выселении корейского населения пограничных районов Дальневосточного края». Бұл шараның шекаралық қауіпсіздік логикасымен негізделгенін көрсетеді [3]. Бұл кеңестік депортациялық саясаттың этникалық топтарға қатысты кең көлемде қолданылған ірі тәжірибелерінің бірі болды.

Соғыс жылдарында депортациялық саясаттың құқықтық-әкімшілік негіздері одан әрі кеңейді. Атап айтқанда, 1941 ж. 28 тамыздағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «О переселении немцев, проживающих в районах Поволжья» жарлығы Еділ бойы немістерін күштеп көшірудің негізгі құқықтық актілерінің бірі болды [4]. Бұл жарлық неміс халқын саяси сенімсіздік және әскери қауіпсіздік тұрғысынан қарастырған кеңестік саясаттың көрінісі еді. Кейін бұл шешім тек Еділ бойымен шектелмей, КСРО-ның басқа өңірлеріндегі неміс халқын Қазақстанға және өзге де аймақтарға жаппай көшірумен жалғасты [5]. Ал 1944 ж. Солтүстік Кавказ халықтарын көшіру кезінде Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің қаулылары ерекше рөл атқарды. 1944 ж. 31 қаңтардағы МҚК № 5073сс «О мероприятиях по размещению спецпереселенцев в пределах Казахской и Киргизской

ССР» қаулысы арнайы қоныс аударушыларды Қазақ КСР мен Қырғыз КСР аумағында орналастыру шараларын белгіледі [6]. Бұл құжатта НКВД-ға 1944 ж. ақпан-наурыз айларында Қазақ КСР-іне 400 мыңға дейін, Қырғыз КСР-іне 90 мыңға дейін арнайы қоныс аударушыны жіберу тапсырылғаны көрсетілді. Сонымен қатар Қазақ және Қырғыз КСР Халық Комиссарлары Кеңестеріне оларды қабылдау, орналастыру және еңбекке орналастыру міндеттелді [6]. Осы дерек Қазақстанның депортацияланған халықтарды қабылдаушы негізгі аймақтардың бірі болғанын нақты дәлелдейді.

Депортациялық саясаттың құқықтық негіздері тек жоғары мемлекеттік органдардың қаулылары мен жарлықтарынан ғана тұрған жоқ. Оларды нақты іске асыру НКВД бұйрықтары, арнайы нұсқаулар, жергілікті партия және атқарушы органдардың шешімдері арқылы жүргізілді. Бұл құжаттарда көшіру тәртібі, эшелондарды ұйымдастыру, арнайы қоныс аударушыларды есепке алу, қабылдау пункттерін дайындау, еңбекке орналастыру, тұрғылықты жерінен өз бетінше кетуіне тыйым салу және комендатуралық бақылау мәселелері реттелді. Осылайша депортацияланған халықтар құқықтық тұрғыдан ерікті қоныс аударушылар емес, әкімшілік бақылауға алынған арнайы қоныс аударушылар ретінде қарастырылды [7].

Қазақстанның депортацияланған халықтарды орналастыру аймағына айналуы да кездейсоқ құбылыс болған жоқ. Біріншіден, Қазақстан бұрынғы қоныстану аймақтарынан алыс орналасқан, бірақ кеңестік әкімшілік жүйенің бақылауындағы кең аумақ болды. Бұл депортацияланған халықтарды тарихи мекенінен ажыратып, оларды жаңа ортада бақылауға алуға мүмкіндік берді. Екіншіден, республикада ауыл шаруашылығы, колхоз-совхоз жүйесі, құрылыс және өндіріс салаларында еңбек күшіне сұраныс болды. Үшіншіден, Қазақстанның кең далалық және ауылдық кеңістіктері арнайы қоныс аударушыларды орналастыруға қолайлы аймақ ретінде қарастырылды [8].

Жамбыл облысына қатысты мәселе осы жалпы республикалық саясаттың өңірлік көрінісі ретінде зерттеледі. Облыстың оңтүстік Қазақстанда орналасуы, ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығының дамуы, колхоздар мен совхоздар жүйесінің болуы және еңбек күшіне сұраныс арнайы қоныс аударушыларды орналастыруға ықпал еткен факторлар қатарына жатады. Бұл ретте Жамбыл облысын жеке құқықтық актілерде әрдайым арнайы бағыт ретінде көрсетілген аймақ деп емес, Қазақстанға бағытталған депортациялық саясаттың жергілікті деңгейде іске асқан өңірлерінің бірі ретінде қарастыру орынды [9].

1930–1950 жылдардағы Жамбыл облысындағы депортацияланған халықтар мәселесін зерттеу тек тарихи фактілерді сипаттаумен шектелмейді. Бұл тақырып кеңестік депортациялық саясаттың мемлекеттік сипатын, оның өңірлік деңгейде жүзеге асу ерекшеліктерін, арнайы қоныс аударушылардың әлеуметтік бейімделуін, еңбекке тартылуын, күнделікті өмір тәжірибесін және тарихи жадта сақталу жолдарын кешенді түрде қарастыруды қажет етеді. Сондықтан мақалада мемлекеттік-репрессиялық, өңірлік-тарихи, әлеуметтік-бейімделу, күнделікті өмір тарихы, микротарихи талдау және тарихи жад тұжырымдамалары өзара байланыста қолданылады.

Мемлекеттік-репрессиялық тәсіл депортацияны жекелеген халықтардың табиғи немесе ерікті көші-қоны ретінде емес, кеңестік биліктің мәжбүрлеу, бақылау және әкімшілік жолмен қоныс аудару саясатының құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан алғанда, 1930–1940 жылдардағы депортациялық шаралар жоғары билік деңгейінде қабылданған құпия қаулылар, жарлықтар және әкімшілік нұсқаулар арқылы жүзеге асырылды. 1937 ж. корей халқын Қиыр Шығыстан көшіру туралы қаулы, 1941 ж. Еділ бойы немістерін көшіру жөніндегі жарлық және 1944 ж. Солтүстік Кавказ халықтарын Қазақ және Қырғыз КСР аумағына орналастыруға қатысты мемлекеттік шешімдер депортациялардың алдын ала жоспарланған мемлекеттік саясат болғанын көрсетеді. Осы тәсіл арқылы депортацияланған халықтардың құқықтық мәртебесі, олардың қозғалыс еркіндігінің шектелуі, арнайы қоныс аударушылар ретінде бақылауға алынуы және еңбек ресурсы ретінде пайдаланылуы кеңестік репрессиялық саясаттың жалпы жүйесімен байланыста талданады.

Өңірлік-тарихи тәсіл Жамбыл облысының депортациялық саясаттағы нақты орнын айқындауға мүмкіндік береді. Кеңестік депортациялар көбіне бүкіл Қазақстан көлемінде қарастырылғанымен, олардың нақты әлеуметтік салдары белгілі бір облыстар, аудандар, колхоздар мен совхоздар деңгейінде көрініс тапты. Мәселен, 1941 ж. орналастыру жоспары бойынша Қазақ КСР-іне 415,6 мың неміс қоныс аударушысын қабылдау көзделсе, оның 28,0 мыңы Жамбыл облысына орналастырылуы тиіс болды [10]. Ал 1942 ж. 20 қаңтардағы мәліметте Жамбыл облысында 10 715 неміс қоныс аударушысы тіркелгені көрсетіледі [10]. Бұл деректер Жамбыл облысының арнайы қоныс аударушыларды қабылдаған және орналастырған маңызды өңірлердің бірі болғанын дәлелдейді.

Сондықтан облыс материалдарын талдау жалпы депортациялық саясаттың жергілікті деңгейдегі жүзеге асу ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді.


Әлеуметтік-бейімделу тәсілі депортацияланған халықтардың жаңа ортадағы тұрмысын, шаруашылық жүйесіне енгізілуін, еңбекке тартылуын және жергілікті әлеуметтік ортаға бейімделу үдерісін зерттеуге бағытталады. 1944 ж. 12 мамырдағы Жамбыл облыстық комиссиясының мәліметі бойынша, облысқа Солтүстік Кавказдан 11 594 отбасы көшірілген. Олардың ішінде қарашайлар — 6097 отбасы немесе 19 999 адам, шешендер — 4161 отбасы немесе 17 106 адам, балқарлар — 1329 отбасы немесе 5324 адам, ингуштер — 7 отбасы немесе 27 адам болған [10]. Осы құжатта арнайы қоныс аударушылардың еңбекке бөлінуі де нақты көрсетілген: колхоздарға — 9153 отбасы немесе 33 921 адам, совхоздарға — 873 отбасы немесе 3228 адам, өнеркәсіп орындарына — 722 отбасы немесе 2340 адам, промартельдерге — 763 отбасы немесе 2677 адам, кеңес мекемелеріне — 78 отбасы немесе 290 адам жіберілген (1-кесте, 1-сурет, 2-кесте) [10].

1 - кесте

Жамбыл облысына орналастырылған арнайы қоныс аударушылар туралы құжаттық мәліметтер

Жылы	Депортацияланған топ / санат	Жамбыл облысы бойынша көрсеткіш	Орналастыру / еңбекке тарту сипаты
1941	Неміс қоныс аударушылары	28,0 мың адам жоспарланған	Қазақ КСР-іне орналастырылуы көзделген 415,6 мың неміс қоныс аударушысының бір бөлігі Жамбыл облысына бағытталуы тиіс болды
1942	Неміс қоныс аударушылары	10 715 адам	1942 жылғы 20 қаңтардағы мәлімет Жамбыл облысы бойынша көрсетілген; құжатта мәлімет толық емес екені ескертіледі
1944	Солтүстік Кавказдан келген арнайы қоныс аударушылар	11 594 отбасы	Жамбыл облысына қарашайлар, шешендер, балқарлар және ингуштер орналастырылды
1944	Қарашайлар	6097 отбасы / 19 999 адам	Солтүстік Кавказдан келген арнайы қоныс аударушылар құрамындағы ең ірі топтардың бірі
1944	Шешендер	4161 отбасы / 17 106 адам	Жамбыл облысына орналастырылған Солтүстік Кавказ халықтарының бірі
1944	Балқарлар	1329 отбасы / 5324 адам	Облысқа орналастырылған арнайы қоныс аударушылар құрамында көрсетілген
1944	Ингуштер	7 отбасы / 27 адам	Сан жағынан аз топ ретінде көрсетілген
1944	Колхоздарға орналастырылғандар	9153 отбасы / 33 921 адам	Арнайы қоныс аударушылардың негізгі бөлігі ауыл шаруашылығы жүйесіне енгізілді
1944	Совхоздарға орналастырылғандар	873 отбасы / 3228 адам	Аграрлық сектордағы еңбекке тартудың бір бағыты
1944	Өнеркәсіпке орналастырылғандар	722 отбасы / 2340 адам	Арнайы қоныс аударушылардың бір бөлігі өндірістік еңбекке тартылды
1944	Промартельдерге орналастырылғандар	763 отбасы / 2677 адам	Қолөнер, өндірістік-кооперативтік сипаттағы еңбек салаларына бөлінді
1944	Кеңес мекемелеріне орналастырылғандар	78 отбасы / 290 адам	Әкімшілік және кеңестік мекемелерге тартылған аз бөлігі
1944	1000 отбасыны орналастыру жоспары	10 совхоз және 60 колхоз	Свердлов, Жамбыл, Меркі, Қордай және Шу аудандары арнайы қоныс аударушыларды қабылдау аймақтары ретінде белгіленді
1944	Көктөрек ауданы, «Амангельды» колхозы	30 отбасы ғана үй сатып алған	Тұрғын үй жағдайының ауырлығы және құрылыс материалдарының жетіспеуі әлеуметтік бейімделудің күрделі жүргенін көрсетеді

Ал Жамбыл облысына Солтүстік Кавказдан келген арнайы қоныс аударушылардың этникалық құрамын келесі 1-суреттен көруге болады:



1-сурет. 1944 ж. Жамбыл облысына Солтүстік Кавказдан келген арнайы қоныс аударушылардың этникалық құрамы

Суретте берілген мәліметтер бойынша 1944 ж. Жамбыл облысына Солтүстік Кавказдан келген арнайы қоныс аударушылардың этникалық құрамы біркелкі болмағанын көрсетеді. Құжаттық дерек бойынша, облысқа келгендердің ішінде қарашайлар саны басым болды — 19 999 адам (47 %). Одан кейін шешендер — 17 106 адам (40 %), балқарлар — 5324 адам (13 %), ингуштер — 27 адам ретінде көрсетілген, яғни жалпы құрамдағы үлесі өте аз болды.

Ал 1944 ж. Жамбыл облысындағы арнайы қоныс аударушылардың еңбекке орналастырылуының үлес салмағы келесідей болған (2-кесте):

2 - к е с т е

Жамбыл облысындағы арнайы қоныс аударушылардың еңбекке орналастырылуы

Көрсеткіш	Адам саны	Үлесі
Колхоздар	33 921	79,9 %
Совхоздар	3 228	7,6 %
Өнеркәсіп	2 340	5,5 %
Промартельдер	2 677	6,3 %
Кеңес мекемелері	290	0,7 %

Берілген кесте қоныс аударушылардың еңбекке орналастырылу сипатын айқындайды. Кестеге сәйкес Солтүстік Кавказдан келгендердің басым бөлігі колхоздарға орналастырылғаны көрсетілген, олар: 33 921 адам. Бұл жалпы көрсеткіштің шамамен 80 пайызына жуығы. Совхоздарға 3228 адам, өнеркәсіпке 2340 адам, промартельдерге 2677 адам, кеңес мекемелеріне 290 адам орналастырылған. Аталған топтар бойынша жиынтық адам саны — 42 456 адамды құрайды. Бұл сандық көрсеткіштер Жамбыл облысында арнайы қоныс аударушыларды еңбекке тартудың негізгі бағыты ауыл шаруашылығы болғанын дәлелдейді.

Күнделікті өмір тарихы тәсілі депортация салдарын мемлекеттік шешімдер мен статистикалық көрсеткіштер деңгейінде ғана емес, адамдардың нақты тұрмыстық тәжірибесі арқылы қарастыруға мүмкіндік береді. Арнайы қоныс аударушылардың жаңа ортаға бейімделуі тұрғын үй, азық-түлік, санитарлық жағдай, киім-кешек, еңбекке орналасу және шаруашылыққа араласу сияқты күнделікті мәселелермен тығыз байланысты болды. 1944 ж. қарашадағы Жамбыл облыстық партия және кеңес органдарының директивасында арнайы қоныс аударушыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету, санитарлық жағдайын жақсарту, азық-түлікпен қамту және шаруашылыққа бейімдеу мәселелері көтерілген [5; 417–418]. Сонымен қатар Көктөрек ауданы «Амангельды» колхозындағы жағдай туралы мәліметте тұрғын үй тапшылығы, құрылыс материалдарының жетіспеуі және тек 30

отбасының ғана үй сатып алғаны көрсетіледі [5; 366]. Мұндай деректер депортацияның күнделікті өмір деңгейіндегі ауыр әлеуметтік салдарын, бейімделудің күрделі әрі қайшылықты сипатын ашуға мүмкіндік береді.

Микротарихи талдау Жамбыл облысы ішіндегі нақты аудандар мен шаруашылықтар деңгейіндегі материалдарды зерттеуге негіз болады. Бұл тәсіл жалпы облыстық немесе республикалық көрсеткіштердің артында тұрған нақты жергілікті тәжірибені көруге мүмкіндік береді. Мәселен, 1944 ж. 12 қазандағы құжатта 1000 отбасыны орналастыру үшін Свердлов, Жамбыл, Меркі, Қордай және Шу аудандары белгіленіп, оларды 10 совхоз бен 60 колхозға орналастыру жоспарланғаны көрсетіледі [5; 480–481]. Бұл мәліметтер депортациялық саясаттың облыс көлемінде ғана емес, аудан, колхоз және совхоз деңгейінде де нақты ұйымдастырушылық шаралар арқылы іске асқанын дәлелдейді. Сондықтан микротарихи тәсіл Жамбыл облысындағы депортацияланған халықтардың орналасу географиясын, еңбекке бөліну жүйесін және жергілікті қоғаммен өзара байланысын тереңірек талдауға мүмкіндік береді.

Тарихи жад тұжырымдамасы депортацияланған халықтардың бастан кешкен тәжірибесінің кейінгі ұрпақ санасында сақталуын түсіндіруге бағытталады. Депортация тек белгілі бір кезеңдегі саяси шешім немесе әкімшілік шара ғана емес, отбасылық естелікке, этникалық қауымдардың тарихи санасына және қоғамдық жад кеңістігіне әсер еткен ұзақ мерзімді әлеуметтік тәжірибе болды. Осы тұрғыдан алғанда, депортацияланған халықтар тарихына арналған құжаттық жинақтар, ауызша тарих материалдары, естеліктер, өңірлік зерттеулер және Мемлекеттік комиссия материалдары маңызды дереккөз қызметін атқарады [8]. Бұл деректер мәжбүрлі қоныс аударудың жарақатты тәжірибесі отбасылық жадта қалай сақталғанын, ұрпақтан ұрпаққа қалай берілгенін және қазіргі тарихи санада қандай орын алғанын зерттеуге мүмкіндік береді.

Жамбыл облысына қатысты тарихи жадты нақтылау үшін ең алдымен ауызша тарих материалдарына назар аудару қажет. «Депортация народов в Казахстан в 1930–1950 гг.: общность истории» жинағында Жамбыл облысы Қордай ауданының Қордай ауылында тұрған әзербайжан өкілі Эйвас Фейзуллаевич Замановтың сұхбаты берілген. Оның естелігі ата-анасының 1937 жылы Әзербайжаннан депортацияланғанын кейінгі ұрпаққа отбасылық әңгіме арқылы жеткізгенін көрсетеді. Э. Заманов өз сөзінде: «Я знаю это по рассказам родителей...» деп атап өтеді [11; 28–29], яғни автор депортация туралы мәліметті тікелей өз тәжірибесінен емес, ата-анасының әңгімелері арқылы білгенін көрсетеді. Бұл қысқа үзіндінің өзі депортация тәжірибесінің тек тікелей куәгерлер жадында ғана емес, олардың балалары арқылы да сақталғанын көрсетеді. Э. Замановтың естелігінде ата-анасының мектеп жасында депортацияланғаны, алдымен Оңтүстік Қазақстандағы Созақ ауданына жеткізілгені, кейін Жамбыл облысымен байланысты өмірлік кеңістік қалыптасқаны айтылады [11; 28–29]. Бұл мысал Жамбыл өңіріндегі депортация тарихын тек әкімшілік орналастыру дерегі ретінде емес, отбасы тағдыры арқылы қарастыруға мүмкіндік береді. Мұнда депортация бір сәттік көшіру актісі ғана емес, бірнеше ұрпаққа әсер еткен тарихи тәжірибе ретінде көрінеді: ата-ананың басынан өткен оқиға кейін баланың тарихи санасында отбасылық жад ретінде сақталған.

Осылайша Жамбыл облысындағы депортацияланған халықтар тарихын зерттеуде бір ғана әдіснамалық ұстаныммен шектелу жеткіліксіз. Мемлекеттік-репрессиялық тәсіл депортацияның саяси-құқықтық негіздерін ашса, өңірлік-тарихи тәсіл оның Жамбыл облысы жағдайындағы нақты жүзеге асу ерекшеліктерін көрсетеді. Әлеуметтік-бейімделу және күнделікті өмір тарихы тәсілдері арнайы қоныс аударушылардың тұрмысы мен еңбекке тартылуын талдауға мүмкіндік береді. Микротарихи талдау нақты аудандар мен шаруашылықтар деңгейіндегі тәжірибені айқындайды, ал тарихи жад тұжырымдамасы депортация салдарының кейінгі ұрпақ санасында сақталу жолдарын түсіндіреді. Сондықтан аталған тәсілдерді кешенді түрде қолдану 1930–1950 жылдардағы Жамбыл облысындағы депортацияланған халықтар мәселесін мемлекеттік саясат, өңірлік ерекшелік, әлеуметтік бейімделу және тарихи жад бірлігінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Талқылау

Жамбыл облысындағы депортацияланған халықтар мәселесін талқылау кеңестік депортациялық саясатты тек орталық билік шешімдері немесе жалпы республикалық көрсеткіштер деңгейінде қарастырудың жеткіліксіз екенін көрсетеді. Депортацияланған халықтардың нақты тәжірибесі белгілі бір өңірлік ортада — аудан, колхоз, совхоз, еңбек ұжымы және жергілікті қоғам деңгейінде қалыптасты. Сондықтан Жамбыл облысына қатысты материалдар депортацияның саяси-құқықтық негіздерін ғана емес, оның жергілікті жерде қалай іске асқанын, арнайы қоныс аударушылардың

қандай шаруашылық жүйеге енгізілгенін, қандай тұрмыстық қиындықтарға тап болғанын және бұл тәжірибенің тарихи жадта қалай сақталғанын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Депортация мәселесін зерттеуде мемлекеттік-репрессиялық бағыт маңызды орын алғаны белгілі. Мысалы, Н.Ф. Бугай кеңестік депортацияларды орталық билік деңгейінде жоспарланған саяси-әкімшілік шешімдер жүйесі ретінде қарастырады. Оның еңбегінде Сталин, Берия және НКВД аппаратының халықтарды күштеп көшіру операцияларын ұйымдастырудағы рөліне ерекше мән беріледі [7]. Бұл ұстаным Жамбыл облысы материалдарын түсіндіруге маңызды, өйткені облысқа арнайы қоныс аударушылардың келуі жергілікті бастама емес, орталықтан жүргізілген депортациялық саясаттың салдары болды. Алайда бұл тәсіл депортацияланған халықтардың жергілікті ортадағы күнделікті өмірін, бейімделу жолдарын және қабылдаушы қоғаммен байланысын толық ашып бере алмайды.

Сонымен бірге Н.Л. Поболь мен П.М. Полянный «Сталинские депортации. 1928–1953» жинағы кеңестік депортацияларды ұзақ хронологиялық кезеңде қалыптасқан мемлекеттік мәжбүрлеу тәжірибесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [12]. Бұл еңбектің маңызы — депортацияны жекелеген оқиғалар жиынтығы ретінде емес, кеңестік басқару жүйесінің халықты, кеңістікті және еңбек ресурстарын бақылауға бағытталған жүйелі саясаты ретінде көрсетуде. Осы тұрғыдан Жамбыл облысындағы арнайы қоныс аударушылардың колхоздар мен совхоздарға орналастырылуын тек жергілікті шаруашылық қажеттілік деп емес, кеңестік кеңістікті әкімшілік тұрғыдан қайта ұйымдастырудың бір бөлігі ретінде түсіндіруге болады.

Кеңестік депортациялар мәселесі батыстық тарихнамада да кеңінен қарастырылған. Мысалы, Терри Мартин кеңестік ұлттық саясаттың 1920–1930 жылдардағы қайшылықты сипатын талдай отырып, 1930 жылдардың соңында бірқатар этникалық топтардың «сенімсіз халықтар» ретінде қабылдануы мен күштеп қоныс аударылуын кеңестік мемлекеттің ұлттық саясатындағы бетбұрыспен байланыстырады [13]. Ал Норман Наймарк кеңестік депортацияларды XX ғасырдағы этникалық тазалау тәжірибелерімен салыстырмалы контексте қарастырып, 1944 ж. шешен-ингуштар мен қырым татарларын күштеп көшіруді осы құбылыстың маңызды мысалдары ретінде талдайды [14]. Павел Полян КСРО аумағындағы мәжбүрлі көші-қондардың тарихы мен географиясын жүйелеп, депортациялардың кеңістіктік ауқымын ашып көрсетсе [15], Линн Виола арнайы қоныстар жүйесін сталиндік репрессиялық саясаттың құрамдас бөлігі ретінде қарастырып, арнайы қоныс аударушылардың еңбекке тартылуы, бақылауда болуы және күнделікті өмір жағдайларын зерттеудің маңызын көрсетеді [16]. Бұл зерттеулер Жамбыл облысындағы депортацияланған халықтар тарихын кеңестік ұлттық саясат, мәжбүрлі көші-қон және арнайы қоныстар жүйесі аясында талдауға теориялық негіз береді.

Қазақстандық зерттеу кеңістігінде Мемлекеттік комиссия материалдарына кіретін «Депортированные в Казахстан народы и спецпоселенцы» жинағы ерекше орын алады. Бұл жинақ депортацияланған халықтар мен арнайы қоныс аударушылар мәселесін саяси қуғын-сүргін, құқықтық шектеу, арнайы қоныс аудару режимі және тарихи әділетті қалпына келтіру контексінде қарастырады [8]. Мұндай ұстаным депортацияны тек өткендегі әкімшілік шара ретінде емес, қазіргі тарихи сана мен қоғамдық жад үшін маңызды мәселе ретінде бағалауға мүмкіндік береді. Жамбыл облысына қатысты архивтік деректер осы жалпы республикалық мәселенің нақты өңірлік мазмұнын ашуға жағдай жасайды.

Жамбыл облысына тікелей қатысты өңірлік зерттеулер көп емес. Осы тұрғыдан Ж.М. Сейткулованың «Жамбыл облысындағы этностар мен этникалық топтар тарихы» [17] атты еңбегі маңызды. Автордың негізгі ұстанымы — Жамбыл облысындағы этностар тарихын жекелеген этникалық топтардың оқшау тарихы ретінде емес, өңірдің әлеуметтік, демографиялық және мәдени дамуының құрамдас бөлігі ретінде талдаумен байланысты. Бұл көзқарас Жамбыл облысының тарихи кеңістігінде әртүрлі этностар мен этникалық топтардың қалыптасуы, орналасуы және жергілікті қоғаммен өзара байланысы ұзақ тарихи үдерістің нәтижесі екенін көрсетуге бағытталған. Атап өту қажет, Ж.М. Сейткулова еңбегінің маңызды ерекшелігі мынада: автор Жамбыл облысының этникалық құрамын тек сандық-демографиялық көрсеткіштер арқылы ғана емес, өңірлік тарихи даму контексінде қарастырады. Бұл ұстаным депортацияланған халықтардың тарихын зерттеуде маңызды, себебі арнайы қоныс аударушылар Жамбыл облысына сырттан күштеп әкелінгенімен, кейін олар облыстың әлеуметтік-этникалық құрылымының бір бөлігіне айналды. Сондықтан автордың өңірлік-этникалық тарихқа басымдық беруі Жамбыл облысын депортацияланған халықтар орналасқан әкімшілік аумақ ретінде ғана емес, әртүрлі этникалық тағдырлар тоғысқан әлеуметтік орта ретінде

түсіндіруге мүмкіндік береді. Дегенмен автор Жамбыл облысындағы этностар мен этникалық топтардың жалпы тарихын қарастырғанымен, депортацияланған халықтар мәселесін арнайы репрессиялық саясат, құқықтық шектеу, арнайы қоныс аударушылар мәртебесі және мәжбүрлі еңбек жүйесі тұрғысынан терең талдамайды.

Атап өту қажет, соңғы жылдардағы зерттеулер депортацияланған халықтар тарихын әлеуметтік бейімделу, күнделікті өмір, құқықтық мәртебе және тарихи жад тұрғысынан қайта қарастыруға бағытталып отыр. Мысалы, М.А. Ибрагимов, С.С. Исмаилов, А.А. Айтмухамбетов және Т.Т. Жандаулетов Қазақстанға депортацияланған халықтар мәселесінің тарихнамасын талдай отырып, қуғынға ұшыраған халықтардың географиялық орналасуы, әлеуметтік-құқықтық жағдайы және жергілікті жерге бейімделуі сияқты мәселелердің маңызын көрсетеді [18]. Авторлардың бұл тұжырымы Жамбыл облысы бойынша сандық және архивтік деректерді тек статистикалық мәлімет ретінде емес, бейімделу мен жергілікті орналасу мәселелерімен байланыстыра талдау қажеттігін айқындайды.

Келесі қазақстандық зерттеушілер Г.Б. Қозғамбаева мен Р. Әбілдос шешен және ингуш халықтарының Қазақстанға жер аударылуын әлеуметтік бейімделу мәселесімен байланыстыра қарастырады [19]. Бұл зерттеу Жамбыл облысы материалдарын түсіндіру үшін маңызды, өйткені Солтүстік Кавказ халықтарының Қазақстанға орналастырылуы тек көшіру актісімен шектелмей, олардың тұрғын үй, азық-түлік, еңбекке орналасу, жергілікті қоғаммен байланыс және құқықтық шектеулер жағдайындағы бейімделуімен жалғасты. Осымен бірге, А.М. Джалилов, С.У. Карибаев, Ж.И. Мұлдахметова және А.К. Шашаевтың күрд этносының әлеуметтік-экономикалық жағдайына арналған зерттеуі де Жамбыл облысы бойынша талқылауды күшейтеді [20]. Бұл мақалада Жамбыл облысы Талас ауданындағы Қасқабұлақ ұжымшары нақты мысал ретінде аталып, мектеп бюджетінде еден жуушыға, жарық пен жылуға қаржы бөлінбегені, азық-түлік тапшылығы байқалғаны көрсетіледі [20; 118]. Бұл дерек Жамбыл облысындағы арнайы қоныс аударушылардың бейімделуін тек еңбекке орналастыру көрсеткішімен емес, күнделікті өмір, мектеп, санитарлық-тұрмыстық жағдай және материалдық қамтамасыз ету мәселелерімен байланыстыра қарастыру қажет екенін дәлелдейді.

Қазақстан аумағына депортацияланған халықтар тарихын қарастыруда Б.Қ. Исабек пен Е.С. Шалановтың зерттеуі маңызды орын алады [21]. Авторлар депортацияны кеңестік тоталитарлық жүйенің саяси-әкімшілік шараларының бірі ретінде қарастырып, Қазақстанға күштеп көшірілген халықтардың тарихи тағдырын жалпы республикалық контексте талдайды. Бұл еңбектің құндылығы — депортацияланған халықтар мәселесін кеңестік ұлттық саясат, саяси репрессия және мәжбүрлі көші-қон үдерістерімен байланыстыра қарастыруында. Сонымен бірге мақала Жамбыл облысы материалдарын арнайы талдауды мақсат етпейтіндіктен, оны зерттеуде өңірлік дереккөз ретінде емес, Қазақстандағы депортациялық үдерістердің жалпы тарихи-теориялық негізін ашатын тарихнамалық еңбек ретінде пайдалану маңызды.

Оңтүстік Қазақстан өңіріне қатысты соңғы зерттеулер де Жамбыл облысы бойынша депортация мәселесін түсіндіруге маңызды. Бұл ретте Г.Б. Қозғамбаева мен Б.Қ. Исабек XX ғасырдың 30–40-жылдарында Түркістан облысына депортацияланған халықтардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын талдай отырып, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық өзгерістеріне назар аударады [22]. Авторлар 1939 жылы Жамбыл облысы құрылғанға дейін қазіргі Жамбыл өңіріне кіретін бірқатар аудандардың Оңтүстік Қазақстан облысы құрамында болғанын көрсетеді. Бұл тұжырым Жамбыл облысын зерттегенде тек «Жамбыл облысы» атауымен шектелмей, тарихи кезеңіне қарай «Оңтүстік Қазақстан облысы» атауымен берілген деректерді де қарастыру қажеттігін дәлелдейді. Біздің пікірімізше, Оңтүстік Қазақстанға қатысты бұл мәселе, әсіресе 1930 жылдардағы депортациялық толқындарды зерттегенде маңызды. Себебі Жамбыл облысы 1939 ж. жеке әкімшілік бірлік ретінде құрылғанға дейін қазіргі облысқа кіретін кейбір аудандар басқа әкімшілік құрылымдар құрамында болды. Сондықтан 1930 жылдардағы корейлер, поляктар, күрдтер және басқа да топтарға қатысты деректерді іздегенде Жамбыл облысының қазіргі шекарасын ғана емес, сол кезеңдегі әкімшілік-аумақтық бөліністі ескеру қажет. Мұндай ұстаным өңірлік зерттеудің деректік базасын кеңейтіп, Жамбыл облысы тарихын Оңтүстік Қазақстан кеңістігімен байланыста қарастыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған авторлардың көзқарастарын салыстырғанда, депортацияланған халықтар тарихын зерттеудің бірнеше негізгі бағытын айқындауға болады. Бірінші бағыт — мемлекеттік-репрессиялық түсіндіру, мұнда депортация орталық билік пен НКВД аппараты ұйымдастырған саяси мәжбүрлеу ретінде қарастырылады. Екінші бағыт — құжаттық-тарихнамалық бағыт, мұнда депортация архивтік деректер, құқықтық актілер және статистикалық материалдар арқылы

талданады. Үшінші бағыт — әлеуметтік-бейімделу бағыты, бұл бағыт арнайы қоныс аударушылардың тұрғын үй, еңбек, азық-түлік, жергілікті қоғаммен байланыс және күнделікті өмір жағдайларын зерттеуге мүмкіндік береді. Төртінші бағыт — тарихи жад және ауызша тарих бағыты, ол жеке естеліктер мен отбасылық әңгімелер арқылы депортацияның ұзақ мерзімді салдарын ашуға бағытталған.

Қорытындылай айтқанда, талқылау нәтижелері Жамбыл облысындағы депортацияланған халықтар мәселесін зерттеу тек репрессиялық саясаттың жергілікті көрінісін сипаттаумен шектелмеуі тиіс екенін көрсетеді. Бұл тақырып депортацияның саяси себептерін, құқықтық негіздерін, әкімшілік бақылау механизмдерін, еңбекке тарту тәжірибесін, әлеуметтік бейімделу жолдарын, күнделікті өмір қиындықтарын және тарихи жадтағы орнын өзара байланыста қарастыруды қажет етеді. Соңғы жылдардағы зерттеулер бұл бағыттың өзектілігін күшейтеді, ал Жамбыл облысы бойынша нақты архивтік, өңірлік және тарихнамалық деректер оны дербес ғылыми мәселе ретінде қарастыруға негіз береді.

Қорытынды

Жамбыл облысы материалдары 1930–1950 жылдардағы кеңестік депортация саясатының жергілікті деңгейде күрделі әлеуметтік үдеріске айналғанын көрсетеді. Арнайы қоныс аударушылардың облыс аумағына келуі тек әкімшілік орналастыру шарасы емес, өңірдің еңбек жүйесіне, тұрмыстық қатынастарына, этникалық құрамына және қоғамдық жадына ықпал еткен тарихи құбылыс болды.

Зерттеу нәтижелері депортацияланған халықтардың тағдырын бір ғана саяси репрессия шеңберінде түсіндіру жеткіліксіз екенін дәлелдейді. Жамбыл облысы жағдайында мәжбүрлі көші-қон әкімшілік бақылау, шаруашылыққа тарту, тұрмыстық бейімделу және жергілікті қоғаммен өзара байланыс арқылы нақты мазмұнға ие болды. Сондықтан бұл мәселені зерттеу құқықтық актілерді, өңірлік құжаттарды, сандық мәліметтерді және естелік материалдарын өзара байланыстыра қарастыруды қажет етеді.

Мақалада қолданылған кешенді әдіснамалық ұстаным Жамбыл облысын депортацияланған халықтар орналасқан аумақ ретінде ғана емес, олардың жаңа әлеуметтік ортаға бейімделу тәжірибесі қалыптасқан кеңістік ретінде бағалауға мүмкіндік береді. Әсіресе күнделікті өмір, еңбекке тарту және тарихи жад мәселелері депортация салдарының ұзақ мерзімді сипатын айқындайды. Бұл тұрғыдан алғанда, Жамбыл облысы бойынша деректер кеңестік мәжбүрлі қоныс аудару саясатының аймақтық ерекшеліктерін ашатын маңызды зерттеу алаңы болып табылады.

Қорытындылай келе, Жамбыл облысындағы депортацияланған халықтар тарихын зерттеу Қазақстандағы депортация мәселесін өңірлік және адам тағдыры деңгейінде тереңірек түсінуге жол ашады. Мұндай бағыт болашақта архивтік деректерді, ауызша тарих материалдарын және жергілікті жад кеңістігін кеңінен тарту арқылы әрі қарай жалғастыруды қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Из истории депортаций. Казахстан. 1930–1935 гг.: сборник документов. — Алматы: LEM, 2012. — 769 с.
- 2 Из истории депортаций. Казахстан. 1935–1939 гг.: сборник документов. — Алматы: LEM, 2014. — 740 с.
- 3 Постановление СНК СССР и ЦК ВКП(б) № 1428-326сс «О выселении корейского населения пограничных районов Дальневосточного края». 21 августа 1937 г. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://docs.historyrussia.org/ru/nodes/362087-postanovlenie-snk-sssr-i-tsk-vkp-b-locale-nil-1428-326ss-locale-nil-o-vyselenii-koreyskogo-naseleniya-pogranichnyh-rayonov-dalnevostochnogo-kraya-locale-nil-21-avgusta-1937-g>
- 4 Указ Президиума Верховного Совета СССР «О переселении немцев, проживающих в районах Поволжья». 28 августа 1941 г. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://docs.historyrussia.org/ru/nodes/165369-ukaz-prezidiuma-verhovnogo-soveta-sssr-o-pereselenii-nemtsev-prozhivayuschih-v-rayonah-povolzhya-28-avgusta-1941-g>
- 5 Из истории депортаций. Казахстан. 1939–1945 гг.: сборник документов. — Алматы: LEM, 2019. — 708 с.
- 6 Постановление ГОКО № 5073сс «О мероприятиях по размещению спецпереселенцев в пределах Казахской и Киргизской ССР». 31 января 1944 г. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://docs.historyrussia.org/ru/nodes/298743-gosudarstvennyy-komitet-oborony-postanovlenie-goko-locale-nil-5073-ss-o-meropriyatiyah-po-razmescheniyu-spetspereselentsev-v-predelakh-kazahskoy-i-kirgizskoy-ssr-31-yanvarya-1944-g-moskva>
- 7 Бугай Н.Ф. Л. Берия — И. Сталину: «Согласно Вашему указанию...»: о депортации народов в СССР в 30–40-е гг. / Н.Ф. Бугай. — Москва: АИРО-XX, 1995. — 319 с.

- 8 Депортированные в Казахстан народы и спецпоселенцы: сборник документов и материалов. Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий: [в 31 т-х]. — Астана: [б.и.], 2022. — Т. 7. — 367 с.
- 9 Анес Г. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы / Г. Анес. — Алматы: Арыс-Қазақстан, 1998. — 413 с.
- 10 Государственный архив Жамбылской области (ГА ЖО). — Ф. 282. — Оп. 1. — Д. 507. — Л. 6–7.
- 11 Депортация народов в Казахстан в 1930–1950 гг.: общность истории: интервью с пострадавшими от депортаций в 1930–1950-е годы в Казахстан / под общ. ред. Б.И. Ракишевой. — Астана: Исследовательский институт «Общественное мнение», 2013. — 683 с.
- 12 Поболь Н.Л. Сталинские депортации. 1928–1953 / Н.Л. Поболь, П.М. Полян. — Москва: МФД: Материк, 2005. — 904 с.
- 13 Martin T. The Affirmative Action Empire: Nations and Nationalism in the Soviet Union, 1923–1939 / T. Martin. — Ithaca; London: Cornell University Press, 2001. — 496 p.
- 14 Naimark N.M. Fires of Hatred: Ethnic Cleansing in Twentieth-Century Europe / N.M. Naimark. — Cambridge; London: Harvard University Press, 2001. — 248 p.
- 15 Polian P. Against Their Will: The History and Geography of Forced Migrations in the USSR / P. Polian. — Budapest; New York: Central European University Press, 2004. — 425 p.
- 16 Viola L. The Unknown Gulag: The Lost World of Stalin's Special Settlements / L. Viola. — Oxford; New York: Oxford University Press, 2007. — 278 p.
- 17 Сейткулова Ж.М. Жамбыл облысындағы этностар мен этникалық топтар тарихы: монография / Ж.М. Сейткулова. — Тараз: Тараз университеті, 2017. — 190 б.
- 18 Ибрагимов М.А. Халықтардың Қазақстанға депортациялау мәселесінің тарихнамасы / М.А. Ибрагимов, С.С. Исмаилов, А.А. Айтмухамбетов, Т.Т. Жандаулетов // Батыс Қазақстан университетінің хабаршысы. — 2025. — № 4 (100). — 289–303-б.
- 19 Қозғамбаева Г.Б. Қазақстанға Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында жер аударылған халықтардың әлеуметтік бейімделу мәселелері: шешен және ингуш халықтары мысалында / Г.Б. Қозғамбаева, Р. Әбідос // Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Тарих сериясы. — 2023. — № 4 (111). — 48–58-б.
- 20 Джалилов А.М. 1937–1944 жылдары Қазақстанға депортацияланған күрд этносының әлеуметтік-экономикалық жағдайы: тарихи талдау және қазіргі зерттеулер / А.М. Джалилов, С.У. Карибаев, Ж.И. Мулдахметова, А.К. Шашаев // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия сериясы. — 2025. — Т. 30, № 3 (119). — 116–126-б.
- 21 Исабек Б.Қ. Қазақстан аумағына депортацияланған халықтар тарихы / Б.Қ. Исабек, Е.С. Шаланов // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. — 2020. — № 1. — 172–180-б.
- 22 Қозғамбаева Г.Б. XX ғасырдың 30–40 жылдары Түркістан облысына депортацияланған халықтардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы / Г.Б. Қозғамбаева, Б.Қ. Исабек // Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Тарих сериясы. — 2025. — № 2. — 48–60-б.

Б.Б. Мирзабаев, Г.Б. Нарымбет, Д.К. Оспанова

Депортированные народы в Жамбылской области в 1930–1950-е годы: теоретико-методологический и региональный анализ

Советская политика принудительного переселения оказала глубокое влияние на социальную, демографическую и этническую структуру многих регионов Казахстана. Для понимания последствий этого процесса на местном уровне недостаточно ограничиваться описанием решений центральной власти; важно учитывать, как спецпереселенцы размещались в конкретной региональной среде, каким образом включались в систему труда, с какими бытовыми трудностями сталкивались и как данный опыт сохранялся в общественной памяти. В этом контексте авторы рассматривают Жамбылскую область как важное региональное пространство, позволяющее раскрыть локальное социальное содержание политики принудительной миграции. В статье судьба спецпереселенцев, размещённых на территории области, анализируется через призму административного контроля, хозяйственной адаптации, трудового распределения и условий повседневной жизни. На основе документальных данных, относящихся к Жамбылской области, авторы показывают, что принудительная миграция не ограничивалась только перемещением людей из одного региона в другой; она также трансформировала социальные отношения, трудовой порядок и механизмы бытовой адаптации в новой среде. Привлечение спецпереселенцев к работе в колхозах и совхозах, производственных и кооперативных структурах доказывает, что они стали частью местной хозяйственной системы. Вместе с тем авторы обращают внимание на проявление последствий депортации на уровне человеческих судеб и семейной памяти. Нехватка жилья, проблемы продовольственного обеспечения, санитарного состояния и материального снабжения осложняли процесс адаптации спецпереселенцев. Эти обстоятельства обосновывают необходимость рассматривать депортацию не только через политико-

правовые акты, но и через опыт повседневной жизни и межпоколенческую память. Материалы Жамбылской области позволяют конкретизировать влияние советской депортационной политики на местное общество. Анализируя региональные данные, авторы показывают научную значимость изучения истории депортированных народов на пересечении политических репрессий, принудительного труда, социальной адаптации, межэтнических связей и исторической памяти. Такой подход даёт основание оценивать Жамбылскую область не только как административную территорию размещения спецпереселенцев, но и как региональную среду, в которой отчётливо проявились социальные последствия советской политики. Поэтому рассматриваемая в статье проблема направлена на более глубокое осмысление истории депортации через местный опыт, человеческие судьбы и историческую преемственность.

Ключевые слова: депортированные народы, Жамбылская область, спецпереселенцы, региональная история, социальная адаптация, трудовое привлечение, повседневная жизнь, историческая память.

B.B. Mirzabaev, G.B. Narymbet, D.K. Ospanova

Deported Peoples in the Zhambyl Region in the 1930s–1950s: A Theoretical-Methodological and Regional Analysis

The Soviet policy of forced resettlement had a profound impact on the social, demographic, and ethnic structure of many regions of Kazakhstan. To understand the local consequences of this process, it is not sufficient to describe only the decisions of the central authorities; it is also important to examine how special settlers were placed within a specific regional environment, how they were incorporated into the labour system, what everyday difficulties they faced, and how this experience was preserved in public memory. In this context, the authors consider the Zhambyl region as an important regional space that makes it possible to reveal the local social content of forced migration policy. The article analyzes the fate of special settlers placed in the region through the prism of administrative control, economic adaptation, labour distribution, and conditions of everyday life. On the basis of documentary materials related to the Zhambyl region, the authors show that forced migration was not limited to the physical relocation of people from one territory to another; it also transformed social relations, labour discipline, and mechanisms of everyday adaptation in the new environment. The involvement of special settlers in collective farms, state farms, industrial enterprises, and cooperative structures demonstrates that they became part of the local economic system. At the same time, the authors pay attention to the consequences of deportation at the level of individual destinies and family memory. Housing shortages, problems with food supply, sanitary conditions, and material provision complicated the adaptation process of special settlers. These circumstances justify the need to study deportation not only through political and legal acts, but also through everyday experience and intergenerational memory. The materials of the Zhambyl region make it possible to specify the impact of Soviet deportation policy on local society. By analyzing regional data, the authors demonstrate the scholarly significance of studying the history of deported peoples at the intersection of political repression, forced labour, social adaptation, interethnic relations, and historical memory. This approach provides grounds for viewing the Zhambyl region not only as an administrative territory where special settlers were placed, but also as a regional environment in which the social consequences of Soviet policy became clearly visible. Therefore, the issue examined in the article is aimed at a deeper understanding of the history of deportation through local experience, human destinies, and historical continuity.

Keywords: deported peoples, Zhambyl region, special settlers, regional history, social adaptation, labour involvement, everyday life, historical memory.

References

- 1 (2012). *Iz istorii deportatsii. Kazakhstan. 1930–1935 gg.: sbornik dokumentov* [From the history of deportations. Kazakhstan. 1930–1935: collection of documents]. Almaty: LEM [in Russian].
- 2 (2014). *Iz istorii deportatsii. Kazakhstan. 1935–1939 gg.: sbornik dokumentov* [From the history of deportations. Kazakhstan. 1935–1939: collection of documents]. Almaty: LEM [in Russian].
- 3 (1937). Postanovlenie SNK SSSR i TsK VKP(b) № 1428-326ss «O vyselenii koreiskogo naseleniia pograniichnykh raionov Dalnevostochnogo kraia». 21 avgusta 1937 g. [Decree of the SNK of the USSR and the Central Committee of the All-Union Communist Party (Bolsheviks) No. 1428-326ss “On the eviction of the Korean population of the border regions of the Far Eastern Territory”. August 21, 1937]. *historyrussia.org*. Retrieved from <https://docs.historyrussia.org/ru/nodes/362087-postanovlenie-snk-sssr-i-tsk-vkp-b-locale-nil-1428-326ss-locale-nil-o-vyselenii-koreyskogo-naseleniya-pograniichnyh-rayonov-dalnevostochnogo-kraia-locale-nil-21-avgusta-1937-g> [in Russian].
- 4 (1941). Ukaz Prezidiuma Verkhovnogo Soveta SSSR «O pereselenii nemtsev, prozhivaiushchikh v raionakh Povolzhia». 28 avgusta 1941 g. [Decree of the Presidium of the Supreme Soviet of the USSR “On the resettlement of Germans living in the Volga

regions". August 28, 1941]. *historyrussia.org*. Retrieved from <https://docs.historyrussia.org/ru/nodes/165369-ukaz-prezidiuma-verhovnogo-soveta-sssr-o-pereselenii-nemtsev-prozhivayushchih-v-rayonah-povolzhya-28-avgusta-1941-g> [in Russian].

5 (2019). *Iz istorii deportatsii. Kazakhstan. 1939–1945 gg.: sbornik dokumentov* [From the history of deportations. Kazakhstan. 1939–1945: collection of documents]. Almaty: LEM [in Russian].

6 (1944). *Postanovlenie GOKO № 5073ss «O meropriyatiakh po razmeshcheniiu spetspereselentsev v predelakh Kazakhskoi i Kirgizskoi SSR»*. 31 yanvaria 1944 g. [Decree of GOKO No. 5073ss "On measures for the placement of special settlers within the Kazakh and Kyrgyz SSR". January 31, 1944]. *historyrussia.org*. Retrieved from <https://docs.historyrussia.org/ru/nodes/298743-gosudarstvennyy-komitet-oborony-postanovlenie-goko-locale-nil-5073-ss-o-meropriyatiyah-po-razmeshcheniyu-spetspereselentsev-v-predelakh-kazahskoy-i-kirgizskoy-ssr-31-yanvarya-1944-g-moskva> [in Russian].

7 Bugai, N.F. (1995). *L. Beriia — I. Stalinu: «Soglasno Vashemu ukazaniyu...»: o deportatsii narodov v SSSR v 30–40-e gg.* [L. Beria to I. Stalin: "According to your instructions...": on the deportation of peoples in the USSR in the 30-40s]. Moscow: AIRO-KhKh [in Russian].

8 (2022). *Deportirovannye v Kazakhstan narody i spetsposelentsy: sbornik dokumentov i materialov. Materialy Gosudarstvennoi komissii po polnoi reabilitatsii zhertv politicheskikh repressii* [Deported peoples and special settlers to Kazakhstan: collection of documents and materials. Materials of the State Commission for the Full Rehabilitation of Victims of Political Repression]. Vols. 1-31. Vol. 7. Astana [in Russian].

9 Anes, G. (1998). *Deportirovannye v Kazakhstan narody: vremia i sudby* [Peoples deported to Kazakhstan: time and fates]. Almaty: Arys-Qazaqstan [in Russian].

10 GA ZhO (State Archive of Zhambyl Region) [State Archive of Zhambyl Region]. — F. 282. — Op. 1. — D. 507. — L. 6–7 [in Russian].

11 Rakisheva, B.I. (Ed.). (2013). *Deportatsiia narodov v Kazakhstan v 1930–1950 gg.: obshchnost istorii: intervii s postradavshimi ot deportatsii v 1930–1950-e gody v Kazakhstan* [Deportation of peoples to Kazakhstan in 1930–1950: commonality of history: interviews with victims of deportations in the 1930–1950s to Kazakhstan]. Astana: Issledovatel'skii institut «Obshchestvennoe mnenie» [in Russian].

12 Pobol, N.L., & Polian, P.M. (2005). *Stalinskie deportatsii. 1928–1953* [Stalin's deportations. 1928–1953]. Moscow: MFD: Materik [in Russian].

13 Martin, T. (2001). *The Affirmative Action Empire: Nations and Nationalism in the Soviet Union, 1923–1939*. Ithaca; London: Cornell University Press.

14 Naimark, N.M. (2001). *Fires of Hatred: Ethnic Cleansing in Twentieth-Century Europe*. Cambridge; London: Harvard University Press.

15 Polian, P. (2004). *Against Their Will: The History and Geography of Forced Migrations in the USSR*. Budapest; New York: Central European University Press.

16 Viola, L. (2007). *The Unknown Gulag: The Lost World of Stalin's Special Settlements*. Oxford; New York: Oxford University Press.

17 Seitkulova, Zh.M. (2017). *Zhambyl oblysyndagy etnostar men etnikalyq toptar tarikhy: monografiia* [History of ethnic groups and ethnic groups in Zhambyl region: monograph]. Taraz: Taraz universiteti [in Kazakh].

18 Ibragimov, M.A., Ismailov, S.S., Aitmukhambetov, A.A., & Zhandauletov, T.T. (2025). *Khalyqtardyn Qazaqstanga deportatsiialau masesinin tarihnamasy* [Historiography of the issue of deportation of peoples to Kazakhstan]. *Batys Qazaqstan universitetinin khabarshysy — Bulletin of the West Kazakhstan University*, 4(100), 289–303 [in Kazakh].

19 Kozgambaeva, G.B., & Abildos, R. (2023). *Qazaqstanga Ekinshi duniezhuzilik sogys zhyldarynda zher audarylghan khalyqtardyn aleumettik beimdelu maseleleri: sheshen zhane ingush khalyqtary mysalynda* [Issues of social adaptation of peoples deported to Kazakhstan during the Second World War: on the example of Chechen and Ingush peoples]. *Qazaq ulttyq universitetinin khabarshysy. Tarikh seriiasy — Kazakh National University Journal. History series*, 4(111), 48–58 [in Kazakh].

20 Dzhaliylov, A.M., Karibaev, S.U., Muldakhmetova, Zh.I., & Shashaev, A.K. (2025). *1937–1944 zhyldary Qazaqstanga deportatsiialangan kurd etnosynyn aleumettik-ekonomikalyq zhagdayy: tarikhi taldu zhane qazirgi zertteuler* [Socio-economic situation of the Kurdish ethnic group deported to Kazakhstan in 1937–1944: historical analysis and modern research]. *Qaragandy universitetinin khabarshysy. Tarikh. Filosofiia seriiasy — Bulletin of the Karaganda University. History. Philosophy series*, 30, 3(119), 116–126 [in Kazakh].

21 Isabek, B.Q., & Shalanov, E.S. (2020). *Qazaqstan aumagyna deportatsiialangan khalyqtar tarikhy* [History of peoples deported to the territory of Kazakhstan]. *Abai atyndagy Qazaq ulttyq pedagogikalyq universitetinin khabarshysy. «Tarikh zhane saiasi-aleumettik gylymdar» seriiasy — Bulletin of the Abai Kazakh National Pedagogical University. "History and political-social sciences" series*, (1), 172–180 [in Kazakh].

22 Kozgambaeva, G.B., & Isabek, B.Q. (2025). *KhKh gasyrdyn 30–40 zhyldary Turkistan oblysyna deportatsiialangan khalyqtardyn aleumettik-turmystyq zhagdayy* [Socio-living conditions of peoples deported to Turkistan region in the 30-40s of the XX century]. *Qazaq ulttyq universitetinin khabarshysy. Tarikh seriiasy — Kazakh National University Journal. History series*, (2), 48–60 [in Kazakh].

Авторлар туралы мәліметтер

Бекмухаммад Б. Мирзабаев — PhD докторант, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0000-3464-6668>

Гүлнұр Б. Нарымбет — PhD, аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-9098-8910>

Динара К. Оспанова — PhD, ассистент-профессор, Қ. Құлажан атындағы Қазақ технология және бизнес университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-2580-9469>

Information about the authors

Bekmuhammad B. Mirzabaev — PhD student, U. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0000-3464-6668>

Gulnur B. Narymbet — PhD, Senior Lecturer, M. Auezova South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-9098-8910>

Dinara K. Ospanova — PhD, Assistant Professor, K. Kulazhanov Kazakh University of Technology and Business, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-2580-9469>